


KETTLER

ESTABLISHED
IN GERMANY



ADJUSTABLE
WEIGHT



Smart Dumbbell

Smart Dumbbell 11.5 kg

РЕТТЕЛЕТІН ГАНТЕЛЬДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНЕ ҚҰРАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
ЖАТТЫҒУ ЖАСАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

МАЗМҰНЫ

KETTLER — ГЕРМАНИЯДАН ШЫҚҚАН	3
1 Сақтық шаралары	6
2 Жабдықты пайдалануға дайындау	8
2.1 Жабдық жиынтықтылығын тексеру	8
2.2 Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	8
2.3 Күтім жасау бойынша ұсынымдар	9
3 Техникалық сипаттамалары	10

KETTLER — ГЕРМАНИЯДАН ШЫҚҚАН

KETTLER брендінің тарихы 1949 жылғы 15 қаңтарда Германияның батысындағы Энзе қаласында басталды. Хайнц Кеттлер өзінің Металлургиялық фабрикасының негізін қалап, алюминий ыдыстарын өндірумен айналысты. Уақыт өте келе шығарылатын өнімдердің ассортименті кеңейтіліп, көптеген жаңа тауарлар пайда бола бастады. Сөйтіп, 1966 жылғы 25 қазанда алғаш рет KETTLER сауда маркасы тіркелді. Ал 1968 жылы KETTLER үй жаттығу құрылғыларын өндіре бастайды, соның арқасында бренд спорттық құрал-жабдық нарығында танымалдардың біріне айналып, бірнеше рет беделді халықаралық сыйлықтарға номинацияланды.

Plus X Award® марапатында KETTLER ұйымдастырушылардың, төрешілер мен амбассадорлардың «Жаттығу құрылғылары» санатындағы The Most Innovative Brand Award («Ең инновациялық бренд») арнайы марапатына үш рет (2009 жылдан 2011 жылға дейін) ие болған. Марапатты тапсыру кезінде Heinz Kettler GmbH & Co. KG компаниясының спорт индустриясын дамытуға қосқан үлесі ескерілді.

2013 жылы ISPO® Award марапатында Heinz Kettler GmbH & Co. KG ұсынған Racer S жаттығу құрылғысы денсаулық пен фитнес тауарлары арасында Award Gold Winner («Алтын жеңімпаз») номинациясының көшбасшысы атанды.

2017 жылы Heinz Kettler GmbH & Co. KG компаниясы Excellent Product Design («Модельдің тамаша дизайны») номинациясы бойынша German Design Award Special® сыйлығына ие болды. Дизайнын York Stuttgen мен Ansgar Honkomp әзірлеген ERGO C10 жаттығу құрылғысы марапат алып ерекшеленді.

KETTLER атауы көпшілікке бала күннен таныс. Пайда болған уақытынан бері бренд саламатты өмір салтының синониміне айналды. KETTLER өнімдерінің арқасында адамдардың бірнеше ұрпағы тұрақты жаттығуларды пайдалы әдетке айналдыра алды. Бүгінгі таңда да компания спортты тек әуестікке емес, өмірдің маңызды бөлігіне айналдыру үшін адамдарды спортпен айналысуға шабыттандыруды жалғастырып келеді.

Бізден жабдық сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. KETTLER жабдығында заманауи технологиялар мен ойластырылған дизайн үйлескен. Үй жағдайында жаттығу сізге дене қалпын жақсартуға және жүрек-қан тамырлар жүйесін нығайтуға көмектеседі.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жаттығуды бастамас бұрын осы Нұсқаулықты оқып шығып, кейіннен пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Нұсқаулықты мұқият оқып шыққаныңыз дұрыс және қауіпсіз жаттығуға көмектеседі. Нұсқаулықты кейін анықтама ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Бұл белгіше  маңызды ескертулерді білдіреді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Өндіруші тұтынушыларға алдын ала хабарлама жасамастан бұйымның жиынтықтамасына, конструкциясына, дизайнына және функциялық мүмкіндіктеріне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Пайдалану ережелері

Жабдықты тасымалдау

- Гантель тек зауыттық немесе сапасы ұқсас қаптамада тасымалдануы тиіс.
- Жабдықты болашақта тасымалдау үшін зауыттық қаптаманы сақтап қоюға кеңес береміз.
- Тасымалдағанда гантель жаңбырдан, қардан және басқа атмосфералық әсерден сенімді қорғалған болуы тиіс.

Сақтау шарттары

- Гантельді түпнұсқа қаптамасында сақтау ұсынылады.
- Қаптамаға салмас бұрын гантельдің шаңын сүртіңіз. Қатты кірін шамалы сабын ерітіндісіне суланған сулықпен кетіруге болады
- Гантельді құрғақ және жылы орынжайда сақтаңыз
- Сақталған кезде гантельге тікелей күн сәулесі түспеуі тиіс, бұл бояу түсінің өзгеру себебіне айналуы мүмкін.
- Гантельді суға тигізбеу керек
- Сақтауға болатын температура режимі: +10 °C – +35 °C.
- Сақтауға болатын ылғалдылық – 75% артық емес
- Жабдық сақталатын жердің жанында аэрозольдарды шашыратпаған жөн

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жаттығуларға кіріспес бұрын, міндетті түрде толық медициналық тексеруден өтуге кеңес береміз, әсіресе жасыңыз 35-тен асқан болса, темекі тартатын болсаңыз, егер сізде

холестерин деңгейі жоғары болса, немесе семіздікке шалдыққан болсаңыз немесе ұзақ уақыт спортпен шұғылданбаған болсаңыз.

Егде жастағы адамдар, сондай-ақ созылмалы аурулары бар, операциядан кейінгі немесе оңалту кезеңінде жүрген адамдар жабдықпен жаттығуларын бастамас бұрын міндетті түрде дәрігермен кеңесуі керек.

Егер жаттығу кезінде әлсіздік, бас айналу, еңтігу немесе ауру белгілерін сезе бастасаңыз, жаттығуды дереу тоқтатыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Кез келген ауруыңыз бар болса, жабдықпен жаттығуға болатыны туралы шешімді тек дәрігер қабылдай алады.

Жарақат алу қаупін азайту үшін осы Нұсқаулықтың «Сақтық шаралары» бөлімін және жабдыққа жапсырылған стикердегі ақпаратты (егер ондайы бар болса) мұқият оқып шығыңыз.

1 САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бұл жабдық максималды қауіпсіз етіп жобаланған және дайындалған. Дегенмен, гантельді пайдаланған кезде белгілі бір сақтық шараларын сақтау қажет. Гантельді пайдаланар алдында осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз.

Келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

1. Осы жаттығу жабдығы физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі, сондай-ақ тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалардың пайдалануына арналмаған.
2. Бұл жабдықты осы Нұсқаулықта сипатталғандай, тек мақсаты бойынша ғана пайдаланыңыз. Өндіруші ұсынбаған бөгде бөлшектерді пайдаланбаңыз.
3. Жабдық тұрмыстық пайдалануға арналған.
4. Жаттығулардың қандай да бір бағдарламасына кіріспес бұрын, дәрігермен кеңесіңіз. Бұл әсіресе 35 жастан асқан тұлғалар үшін немесе бұрында аурулары болған тұлғалар үшін аса маңызды.
5. Салмақ таңдау кезінде саусақтарыңызды қозғалмалы бөліктерге кіргізіп алмаңыз.
6. Жабдығыңызды өз мақсатынан басқа қандай да бір мақсатта пайдаланбаңыз.
7. Өнімді зақымдап алмас үшін реттелетін гантельдер бойынша нұсқаулықтың әр қадамын ретімен орындауыңызды сұраймыз.
8. Жүрек айну, енгігу, бас айналу, бас ауыру, кеуде ауыру немесе кез келген жайсыздық сезілген жағдайда жаттығуды тоқтатыңыз.
9. Жаттығудың айтарлықтай нәтижесіне қол жеткізіп, бұлшықетке артық күш түсірмеу үшін жаттығу жиілігін ойға қонымды шектерде, өз күшіңізге сай реттеп отырыңыз.
10. Әр пайдаланар алдында жабдықты мұқият тексеріңіз. Құрам бөліктері зақымдалған немесе ақаулы бұйымды пайдаланбаңыз.
11. Жабдықтың барлық компонентінің жұмыс күйі жақсы екеніне көз жеткізіңіз.
12. Егер жабдықтың тозғаны, босағаны немесе тот басқаны анықталған болса, оны уақтылы жөндеу немесе ауыстыру керек.
13. Үй жануарларын және балаларды жабдықтан аулақ ұстауыңызды сұраймыз. Балаларға осы жабдықтың жанында ойнауға немесе оны басқа мақсаттарда пайдалануға рұқсат етпеңіз. Осы жабдықты пайдалануға болатын минималды жас мөлшері – 18 жас. 18 жасқа толмаған тұлғалар үнемі ересектердің қадағалауында болуы тиіс.
14. Гантель немесе ұстағыш тұғырықтан көтеріліп тұрса, сақтандырғышқа баспаңыз және салмақ таңдау тұтқасын бұрамаңыз.
15. Гантельді жерге (еденге) құлатпаңыз, өйткені ол бұйымның зақымдануына әкелуі мүмкін.
16. Гантельдің құлауы жарақат алуға немесе өлімге әкелуі ықтимал.
17. Бұйымды қандай да бір басқа затқа соқпаңыз, өйткені ол өзі зақымдануы мүмкін және зиян келтіру себебіне айналуы мүмкін.


18. Бұйымды және оның бөлшектерін бөлшектемеңіз. Бұйым конструкциясына араласу зиян келтірудің себебіне айналуы мүмкін.
19. Бұл өнімнің салмағы үлкен. Қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін гантельдің тұғырығын еденге орналастырыңыз.
20. Реттелетін гантельмен жаттыққан кезде сақ болыңыз. Жабдыкпен жаттығу жасаған кезде теледидар көруге, оқуға және басқа нәрсеге назар аударуға болмайды, өйткені алаңдататын факторлар тепе-теңдіктен айырылуға және ауыр жарақаттануға әкелуі мүмкін. Құлаққап тағып алып жаттығу жасамаған жөн, әйтпесе жабдықтың сынған дыбысын ести алмай қаласыз.
21. Гантельді пайдаланатын адамдардың бәрін бүкіл сақтық шаралары туралы хабардар ету жауапкершілігі жабдық иесінің мойнында.
22. Жабдықты берік, түзу, тегіс жерге қойыңыз. Жабдықты тегіс емес еденге немесе ұзын түкті кілем жабындарына орнату жаттығу кезінде сықырдың пайда болуына, жаттығу кезінде жабдық орнықтылығының нашарлауына және тіпті оның төңкерілуіне әкелуі мүмкін.
23. Жабдықты тазалау үшін жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісіне суланған мақта сулығын пайдаланыңыз. Жуғыш құралды тікелей гантельге жақпаңыз.
24. Гантельді тазалау үшін еріткіштер мен абразивті тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Бұл гантель элементтерінің қорғаныш лак-бояу жабынының зақымдануына әкелуі мүмкін.
25. Гантельде ақау пайда болса (қалыпты жұмысына тән емес дыбыс шықса, қозғалмалы бөлшектері айқасып не бұғатталып қалса және т. б.), оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Өз бетімен жөндемеңіз. Білікті жөндеуден өткізу үшін Сатушының сервистік қызметіне жүгінуіңізді сұраймыз.
26. Жабдық тесіктеріне ешқашан қандай да болмасын заттарды кіргізбеңіз. Гантельдің ішіне ештеңе түсіп кетпеуін қадағалаңыз. Ішіне бөгде заттар түсіп кеткенде оларды абайлап шығарып алуға тырысыңыз, затты өз күшіңізбен шығарып алуға мүмкіндік болмаған жағдайда Сатушының сервистік қызметіне жүгініңіз.
27. Жабдықтың конструкциясына өз бетінше қандай да бір өзгертулер енгізу немесе өндіруші не оның уәкілетті өкілі ұсынбаған аксессуарлар мен керек-жарақты пайдалану жабдықтың сыну себебіне айналуы мүмкін, сонымен қатар кепілді қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болуы мүмкін.
28. Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін жабдық көдеге жаратылуы тиіс. Пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда, осы жабдықтың қызмет мерзімі – 5 жыл. Іс жүзіндегі пайдалану мерзімі ресми белгіленген мерзімінен айтарлықтай ұзақ болуы мүмкін. Жабдық конструкциясының элементтері тұрмыстық қалдықтарға жатпайды. Жабдықты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамауыңызды сұраймыз.
29. Ыңғайлы спорттық киім мен аяқ киім киіп жаттығыңыз. Жабдығыңызды биік өкше, модельді туфли, сандал киіп немесе жалаң аяқ пайдалануға болмайды. Аяқ шаршамауы үшін сапалы спорттық аяқ киім киюге кеңес беріледі. Жаттығар алдында қолдағы өшекейлерді шешіп қойыңыз.

8 ЖАБДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ


2.1 Жабдық жиынтықтамасын тексеру

Гантельді қорғаныш қаптамасынан шығарып алғаннан кейін бұйым мен қаптама материалы зақымдалмағанын тексеріңіз.


Жабдық жиынтықтамасы



1



2



3

№	Атауы	Саны, д.
1	Реттегіш қолсап	1
2	Гантель тұғырығы	1
3	Салмақ дискілері	10

2.2 Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Қолданар алдында реттегіш қолсаптың блогы негізде толық орналасқанына көз жеткізу үшін оны сәл көтеріңіз. Реттегіш қолсапты сағат тіліне қарсы бірнеше рет айналдырыңыз, содан кейін ол екі бағытта да еркін айналатынына көз жеткізу үшін сағат тілімен айналдырыңыз. Реттегіш қолсаптың көмегімен салмақ таңдаудың әр қадамында шыртыл естілуі тиіс. Сол шыртыл салмақ таңдауға арналған реттегіш қолсаптың дұрыс қойылғаны туралы белгі береді.

Салмақты көбейту қадамының диапазоны 3,5 – 11,5 кг құрайды.

Белгілі бір салмақты (мысалы, 9,5 кг) дұрыс таңдау үшін реттегіш қолсапты дискілер блогының алдындағы тоғыншақта орналасқан терезеде қажетті сан (9,5) шыққанша айналдыра беріңіз.

Реттегіш қолсапты сағат тілі бойымен айналдыра отырып, таңдалған салмақты үлкейтуге болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, сағат тіліне қарсы максималды салмақтан (11,5 кг) артық айналдырғанда бұғаттау іске қосылады. Алайда, қолсапты сағат тілі бойымен (3,5 кг) салмақтан (11,5 кг) салмаққа дейін айналдырғанда салмақ бекітілмейді, реттегіш қолсап босайды.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Гантель қолсабына сүйенбеңіз, оны дене салмағыңызды ұстау үшін, мысалы, кеудені көтеруге арналған тірек ретінде пайдаланбаңыз. Ол дискілердің және/немесе бұғаттау механизмдерінің зақымдануына әкеледі, сондай-ақ кенеттен дискілердің қолсаптан ажырауын (құлауын) тудыруы мүмкін. Бұның нәтижесі ауыр жарақатқа және кепілдік күшінің тоқтатылуына алып келуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Өр пайдаланар алдында гантельді қарап тексеріп отырыңыз. Тозған немесе зақымданған бөлшектері бар гантельді пайдаланбаңыз. Жөндеу туралы ақпарат алу үшін жергілікті сауда өкіліне хабарласыңыз.

Салмақты үлкейту шәкілі:

1-қадам	2-қадам	3-қадам	4-қадам	5-қадам
3,5 кг	5,5 кг	7,5 кг	9,5 кг	11,5 кг

⚠ ЕСКЕРТУ. Салмақты үлкейту қадамдары тек бағалау мәндері болып табылады. Өндіріс ерекшеліктеріне байланысты дәл мәндері өзгеше болуы мүмкін.

2.3 Күтім жасау бойынша ұсынымдар

- Қажетіне қарай губкамен немесе жұмсақ матамен сүртіп жүрген жөн.
- Үшкір және қызған заттардан, ашық оттан, ылғалды және ластанған жерлерден аулақ ұстау керек.

3 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Салмағы	11,5 кг
Алынбалы дискілердің саны	10 д.
Алынбалы дискілердің салмағы	1 кг-дық 10 диск
Бұйымның кепілдік мерзімі	7 жыл



KETTLER — ГЕРМАНИЯДАН ШЫҚҚАН

KETTLER брендінің тарихы 1949 жылғы 15 қаңтарда Германияның батысындағы Энзе қаласында басталды. Хайнц Кеттлер өзінің Металлургиялық фабрикасының негізін қалап, алюминий ыдыстарын өндірумен айналысты. Уақыт өте келе шығарылатын өнімдердің ассортименті кеңейтіліп, жаңа тауарлар көптеп пайда бола бастады. Сөйтіп, 1966 жылғы 25 қазанда алғаш рет KETTLER сауда маркасы тіркелді. Ал 1968 жылы KETTLER үй жаттығу құрылғыларын өндіре бастайды, соның арқасында бренд спорттық құрал-жабдық нарығында танымалдардың біріне айналып, бірнеше рет беделді халықаралық сыйлықтарға номинацияланды.

Plus X Award® марапатында KETTLER ұйымдастырушылардың, төрешілер мен амбассадорлардың «Жаттығу құрылғылары» санатындағы The Most Innovative Brand Award («Ең инновациялық бренд») арнайы марапатына үш рет (2009 жылдан 2011 жылға дейін) ие болған. Марапатты тапсыру кезінде Heinz Kettler GmbH & Co. KG компаниясының спорт индустриясын дамытуға қосқан үлесі ескерілді.

2013 жылы ISPO® Award марапатында Heinz Kettler GmbH & Co. KG ұсынған Racer S жаттығу құрылғысы денсаулық пен фитнес тауарлары арасында Award Gold Winner («Алтын жеңімпаз») номинациясының көшбасшысы атанды.

2017 жылы Heinz Kettler GmbH & Co. KG компаниясы Excellent Product Design («Модельдің тамаша дизайны») номинациясы бойынша German Design Award Special® сыйлығына ие болды. Дизайнын York Stuttgart мен Ansgar Honkomp әзірлеген ERGO C10 жаттығу құрылғысы марапат алып ерекшеленді.

KETTLER атауы көпшілікке бала күннен таныс. Пайда болған уақытынан бері бренд саламатты өмір салтының синониміне айналды. KETTLER өнімдерінің арқасында адамдардың бірнеше ұрпағы тұрақты жаттығуларды пайдалы әдетке айналдыра алды. Бүгінгі таңда да компания спортты тек әуестікке емес, өмірдің маңызды бөлігіне айналдыру үшін адамдарды спортпен айналысуға шабыттандыруды жалғастырып келеді.

Сауда маркасы: KETTLER

Модель: SMART DUMBBELL 11.5 KG 07381-120

Қытайда жасалған

Өндірілген күні (айы, жылы) бұйымда көрсетілген.

Импорттаушы және Дайындаушы уәкілеттік берген ұйым: «Спортмастер Казахстан» ЖШС Заңды мекенжайы:

117437, Мәскеу қ., Миклухо-Маклай к-сі, 18-үй, 2-корп., 102-бөлме

Анықтама қызметі: 8 495 777-777-1

Бұл тауар Ресей Федерациясы заңнамасының талаптарына сәйкес сатылады.

Кепілді жөндеу кезінде немесе заңмен қарастырылған өзге де талаптар қойылған кезде тауардың сатып алынған күнін растау үшін ілеспе құжаттарды (чек, түбіртек, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттарды) сақтап қоюыңызды сұраймыз.

Өндіруші тұтынушыларға алдын ала хабарламай, бұйымдардың жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде техникалық және бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

